

## **Alstom Жером Бойені Батыс және Орта Азия кластерінің Басқарушы директоры етіп тағайындады**

**12 қыркүйек, 2024 ж.** - Зияткерлік және орнықты ұтқырлық саласындағы әлемдік көшбасшы Alstom компаниясы Жером Бойенің Астанада орналасқан Батыс және Орта Азия кластерінің жаңа Басқарушы директоры болып тағайындалғанын хабарлайды. Жером бұл қызметте бай тәжірибеге ие, өйткені ол бұрын General Electric, Alstom және ТМН-да инфрақұрылым, өнеркәсіптік жобалар және теміржол техникасы саласында жетекші лауазымдарда жұмыс істеген.

*"Мен Жеромды Батыс және Орта Азиядағы кластеріміздің жетекшісі ретінде қарсы алғанымға қуаныштымын. Теміржол саласында мол тәжірибесі бар және біздің қызметімізді терең түсінетін ол инновацияларды енгізу және өңірде біз ұсынатын қызметтердің сапасын айтарлықтай жақсарту үшін барлық қажетті білімге ие. Кластердегі ұжым керемет нәтижелерге қол жеткізді және мен Жером біздің күш-жігерімізді одан әрі жұмылдыра отырып, сол бағытта жүретініне сенімдімін. Біздің жергілікті таланттарды дамытуға деген ұмтылысымыз басымдық болып қала береді және оның басшылығымен біз жаңа биіктерге жетіп, клиенттерімізге ең жақсы қызметтерді ұсынатынымызға сенімдімін",* - дейді Эндрю ДеЛеоне, Африка, Таяу Шығыс және Орта Азия өңірінің президенті.

Жером өзінің жаңа лауазымында стратегиялық бастамаларды басқарады және Alstom компаниясының тұрақты ұтқырлық пен инновацияға деген міндеттемесін нығайта отырып, бүкіл кластерде операциялық тиімділікті арттыруға ықпал етеді.

*"Мен талантты Alstom командасына қосылуға қуаныштымын. Мен ерекше өнімдер мен қызметтерді ұсыну үшін тұтынушыларымызбен тығыз жұмыс істеуді асыға күтемін, бұл олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруды және біз өзара әрекеттесетін қауымдастықтардың дамуына оң үлес қосуды қамтамасыз етеді",* - деді Жером Бойе, Alstom компаниясының Батыс және Орта Азиядағы басқарушы директоры.

Alstom болашақта тұрақты және тиімді тасымалдауға жол ашуды мақсат етеді. Осы жаңа мақсаттың арқасында компанияның Батыс және Орта Азиядағы ықпалын күшейту үшін барлық мүмкіндіктері бар.

Alstom компаниясы Батыс және Орта Азияда 1000-нан астам адам қызметкерлер штатымен, үш елдік кеңсемен (Қазақстанда, Әзірбайжан мен Өзбекстанда), екі зауытпен, бес депомен және сервистік орталықпен ұсынылған. Компанияның қызметі электровоздарды өндіру мен техникалық қызмет көрсетуді, сондай-ақ локомотив компоненттерін өндіру мен жөндеуді қамтиды. Жақында Alstom 200-ші локомотивті шығаруымен және 100-ші арбаны құрастыруымен айтарлықтай жетістіктерге жетті. Alstom елдегі мобильділік секторын қалпына келтіруге және экономиканы дамытуға үлкен үлес қосып келеді.

## Alstom туралы

Alstom адамдарға ұнайтын инновациялық және орнықты көлік шешімдерін әзірлеп және ілгерілетіп отырып, көміртегі шығарындыларының деңгейі төмен болашаққа үлес қосуды өзінің борышы деп есептейді. Alstom өзінің әртүрлі клиенттеріне жоғары жылдамдықты пойыздардан, метродан, монорельстерден, трамвайлардан бастап "сақадай сай" жүйелерге, қызметтерге, инфрақұрылымға, сигнал беру мен цифрлық мобильділікке дейін саладағы ең кең ассортиментті ұсынады. 64 елде жұмыс істеуі мен 184 ұлттың 84 700-нан астам дарынды қызметкерлер штатының арқасында компания жобалау, инновациялар мен жобаларды басқару дағдыларын мобильділік саласындағы шешімдер ең көп қажет жерлерге бағыттайды. Франциядағы биржада бағаланатын Alstom компаниясы 2024 жылғы 31 наурызда аяқталатын қаржы жылында 17,6 млрд. еуро мөлшерінде түсім алды.

Қосымша ақпаратты [www.alstom.com](http://www.alstom.com) сайтында табуға болады.

## Байланыстар

### Баспасөз:

Айжан АЛДАБЕРГЕНОВА – тел.: +7 705 106 6023  
[aizhan.aldabergenova@alstomgroup.com](mailto:aizhan.aldabergenova@alstomgroup.com)